

ISSN 2518-1467 (Online),  
ISSN 1991-3494 (Print)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ

# Х А Б А Р Ш Ы С Ы

---

---

**ВЕСТНИК**

НАЦИОНАЛЬНОЙ АКАДЕМИИ НАУК  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

**THE BULLETIN**

THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES  
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

PUBLISHED SINCE 1944

6

NOVEMBER – DECEMBER 2020

---

---

ALMATY, NAS RK

---

---

*NAS RK is pleased to announce that Bulletin of NAS RK scientific journal has been accepted for indexing in the Emerging Sources Citation Index, a new edition of Web of Science. Content in this index is under consideration by Clarivate Analytics to be accepted in the Science Citation Index Expanded, the Social Sciences Citation Index, and the Arts & Humanities Citation Index. The quality and depth of content Web of Science offers to researchers, authors, publishers, and institutions sets it apart from other research databases. The inclusion of Bulletin of NAS RK in the Emerging Sources Citation Index demonstrates our dedication to providing the most relevant and influential multidiscipline content to our community.*

*Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясы "ҚР ҰҒА Хабаршысы" ғылыми журналының Web of Science-тің жаңаланған нұсқасы Emerging Sources Citation Index-те индекстелуге қабылданғанын хабарлайды. Бұл индекстелу барысында Clarivate Analytics компаниясы журналды одан әрі the Science Citation Index Expanded, the Social Sciences Citation Index және the Arts & Humanities Citation Index-ке қабылдау мәселесін қарастыруда. Web of Science зерттеушілер, авторлар, баспашылар мен мекемелерге контент тереңдігі мен сапасын ұсынады. ҚР ҰҒА Хабаршысының Emerging Sources Citation Index-ке енуі біздің қоғамдастық үшін ең өзекті және беделді мультидисциплинарлы контентке адалдығымызды білдіреді.*

*НАН РК сообщает, что научный журнал «Вестник НАН РК» был принят для индексирования в Emerging Sources Citation Index, обновленной версии Web of Science. Содержание в этом индексировании находится в стадии рассмотрения компанией Clarivate Analytics для дальнейшего принятия журнала в the Science Citation Index Expanded, the Social Sciences Citation Index и the Arts & Humanities Citation Index. Web of Science предлагает качество и глубину контента для исследователей, авторов, издателей и учреждений. Включение Вестника НАН РК в Emerging Sources Citation Index демонстрирует нашу приверженность к наиболее актуальному и влиятельному мультидисциплинарному контенту для нашего сообщества.*

Б а с р е д а к т о р ы

х.ғ.д., проф., ҚР ҰҒА академигі

**М.Ж. Жұрынов**

Р е д а к ц и я а л қ а с ы:

**Абиев Р.Ш.** проф. (Ресей)  
**Абылкасымова А.Е.** проф., академик (Қазақстан)  
**Аврамов К.В.** проф. (Украина)  
**Аппель Юрген** проф. (Германия)  
**Баймұқанов Д.А.** проф., академик (Қазақстан)  
**Баймұратов У.Б.** проф., академик (Қазақстан)  
**Байтанаев Б.А.** проф., академик (Қазақстан)  
**Байтулин И.О.** проф., академик (Қазақстан)  
**Банас Иозеф** проф. (Польша)  
**Берсимбаев Р.И.** проф., академик (Қазақстан)  
**Велесько С.** проф. (Германия)  
**Велихов Е.П.** проф., РҒА академигі (Ресей)  
**Кабульдинов З.Е.** проф. (Қазақстан)  
**Қажыбек Е.З.** проф., корр.-мүшесі (Қазақстан)  
**Қалимолдаев М.Н.** проф., академик (Қазақстан), бас ред. орынбасары  
**Қамзабекұлы Д.** проф., академик (Қазақстан)  
**Қойгелдиев М.К.** проф., академик (Қазақстан)  
**Лупашку Ф.** проф., корр.-мүшесі (Молдова)  
**Мохд Хасан Селамат** проф. (Малайзия)  
**Новак Изабелла** проф. (Польша)  
**Огарь Н.П.** проф., корр.-мүшесі (Қазақстан)  
**Полещук О.Х.** проф. (Ресей)  
**Поняев А.И.** проф. (Ресей)  
**Сагиян А.С.** проф., академик (Армения)  
**Таймагамбетов Ж.К.** проф., академик (Қазақстан)  
**Хрипунов Г.С.** проф. (Украина)  
**Шәукенова З.К.** проф., корр.-мүшесі (Қазақстан)  
**Юлдашбаев Ю.А.** проф., РҒА академигі (Ресей)  
**Якубова М.М.** проф., академик (Тәжікстан)

**«Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының Хабаршысы».**

**ISSN 2518-1467 (Online),**

**ISSN 1991-3494 (Print)**

Меншіктенуші: «Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы»РҚБ (Алматы қ.).

Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 12.02.2018 ж. берілген № 16895-Ж мерзімдік басылым тіркеуіне қойылу туралы куәлік.

Тақырыптық бағыты: *іргелі ғылымдар саласындағы жаңа жетістіктер нәтижелерін жария ету.*

Мерзімділігі: жылына 6 рет.

Тиражы: 2000 дана.

Редакцияның мекенжайы: 050010, Алматы қ., Шевченко көш., 28, 219 бөл., 220, тел.: 272-13-19, 272-13-18,  
<http://www.bulletin-science.kz/index.php/en/>

---

© Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы, 2020

Типографияның мекенжайы: «NurNaz GRACE», Алматы қ., Рысқұлов көш., 103.

Г л а в н ы й р е д а к т о р  
д.х.н., проф. академик НАН РК  
**М.Ж. Журинов**

Р е д а к ц и о н н а я к о л л е г и я:

**Абиев Р.Ш.** проф. (Россия)  
**Абылкасымова А.Е.** проф., академик (Казахстан)  
**Аврамов К.В.** проф. (Украина)  
**Апель Юрген** проф. (Германия)  
**Баймуканов Д.А.** проф., академик (Казахстан)  
**Баймуратов У.Б.** проф., академик (Казахстан)  
**Байтанаев Б.А.** проф., академик (Казахстан)  
**Байтулин И.О.** проф., академик (Казахстан)  
**Банас Иозеф** проф. (Польша)  
**Берсимбаев Р.И.** проф., академик (Казахстан)  
**Велесько С.** проф. (Германия)  
**Велихов Е.П.** проф., академик РАН (Россия)  
**Кабульдинов З.Е.** проф. (Казахстан)  
**Кажыбек Е.З.** проф., чл.-корр. (Казахстан)  
**Калимолдаев М.Н.** академик (Казахстан), зам. гл. ред.  
**Камзабекулы Д.** проф., академик (Казахстан)  
**Койгельдиев М.К.** проф., академик (Казахстан)  
**Лунашку Ф.** проф., чл.-корр. (Молдова)  
**Мохд Хасан Селамат** проф. (Малайзия)  
**Новак Изабелла** проф. (Польша)  
**Огарь Н.П.** проф., чл.-корр. (Казахстан)  
**Полещук О.Х.** проф. (Россия)  
**Поняев А.И.** проф. (Россия)  
**Сагьян А.С.** проф., академик (Армения)  
**Таймагамбетов Ж.К.** проф., академик (Казахстан)  
**Хрипунов Г.С.** проф. (Украина)  
**Шаукенова З.К.** проф., чл.-корр. (Казахстан)  
**Юлдашбаев Ю.А.** проф., академик РАН (Россия)  
**Якубова М.М.** проф., академик (Таджикистан)

«Вестник Национальной академии наук Республики Казахстан».

**ISSN 2518-1467 (Online),**

**ISSN 1991-3494 (Print)**

Собственник: РОО «Национальная академия наук Республики Казахстан» (г. Алматы).

Свидетельство о постановке на учет периодического печатного издания в Комитете информации Министерства информации и коммуникаций и Республики Казахстан № **16895-Ж**, выданное 12.02.2018 г.

Тематическая направленность: *публикация результатов новых достижений в области фундаментальных наук.*

Периодичность: 6 раз в год.

Тираж: 2000 экземпляров.

Адрес редакции: 050010, г. Алматы, ул. Шевченко, 28, ком. 219, 220, тел. 272-13-19, 272-13-18.

<http://www.bulletin-science.kz/index.php/en/>

---

© Национальная академия наук Республики Казахстан, 2020

Адрес типографии: «NurNazGRACE», г. Алматы, ул. Рыскулова, 103.

E d i t o r i n c h i e f

doctor of chemistry, professor, academician of NAS RK

**M.Zh. Zhurinov**

E d i t o r i a l b o a r d:

**Abiyev R.Sh.** prof. (Russia)  
**Abylkasymova A.E.** prof., academician (Kazakhstan)  
**Avramov K.V.** prof. (Ukraine)  
**Appel Jurgen,** prof. (Germany)  
**Baimukanov D.A.** prof., academician (Kazakhstan)  
**Baimuratov U.B.** prof., academician (Kazakhstan)  
**Baitanaev B.A.** prof., academician (Kazakhstan)  
**Baitullin I.O.** prof., academician (Kazakhstan)  
**Joseph Banas,** prof. (Poland)  
**Bersimbayev R.I.** prof., academician (Kazakhstan)  
**Velesco S.,** prof. (Germany)  
**Velikhov Ye.P.** prof., academician of RAS (Russia)  
**Kabuldinov Z.E.** prof. (Kazakhstan)  
**Kazhybek E.Z.** prof., corr. member. (Kazakhstan)  
**Kalimoldayev M.N.** prof., academician (Kazakhstan), deputy editor in chief  
**Kamzabekuly D.** prof., academician (Kazakhstan)  
**Koigeldiev M.K.** prof., academician (Kazakhstan)  
**Lupashku F.** prof., corr. member (Moldova)  
**Mohd Hassan Selamat,** prof. (Malaysia)  
**Nowak Isabella,** prof. (Poland)  
**Ogar N.P.** prof., corr. member (Kazakhstan)  
**Poleshchuk O.Kh.** prof. (Russia)  
**Ponyaev A.I.** prof. (Russia)  
**Sagiyani A.S.** prof., academician (Armenia)  
**Tajmagambetov Zh.K.** prof., academician (Kazakhstan)  
**Khripunov G.S.** prof. (Ukraine)  
**Shaukenova Z.K.** prof., corr. member. (Kazakhstan)  
**Yuldashbayev Y.A.,** prof., academician of RAS (Russia)  
**Yakubova M.M.** prof., academician (Tadjikistan)

**Bulletin of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan.**

**ISSN 2518-1467 (Online),**

**ISSN 1991-3494 (Print)**

Owner: RPA "National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan" (Almaty).

The certificate of registration of a periodical printed publication in the Committee of information of the Ministry of Information and Communications of the Republic of Kazakhstan No. **16895-Ж**, issued on 12.02.2018.

Thematic focus: *publication of the results of new achievements in the field of basic sciences.*

Periodicity: 6 times a year.

Circulation: 2000 copies.

Editorial address: 28, Shevchenko str., of. 219, 220, Almaty, 050010, tel. 272-13-19, 272-13-18,

<http://www.bulletin-science.kz/index.php/en/>

---

© National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, 2020

Address of printing house: «NurNaz GRACE», 103, Ryskulov str, Almaty.

**Е. Б. Нүсіпбаев, Б. М. Манабаев, М. Исахан**

Нұр-Мүбәрак Египет ислам мәдениеті университеті, Алматы, Қазақстан.

E-mail: er\_kz@inbox.ru, axmad\_80@mail.ru, alash\_ordabasy@mail.ru

## ДІНИ ҰЙЫМДАРДЫҢ ИНТЕРНЕТ РЕСУРСТАРЫН ҚОЛДАНУЫ

**Аннотация.** Мақалада діндерді интернет ресурстарын қолдану арқылы насихаттаудың тиімділігі қарастырылған. Бүгінгі таңда интернет ресурстарын, соның ішінде веб-сайттарды дінді насихаттауға қолдану кең таралған. Жұмыста виртуалды ақпараттық қоғамда діни қатынастарды реттеуде веб-сайттардың қызметі мен рөлі туралы сөз қозғалған.

Жаһандану заманында бүкіл әлем кішкентай бір ауыл іспетті болып қалды. Әлемнің осылай өзгеріп, ақпараттық қоғамға айналуына әсер еткен интернет ресурстары деп түйіндеуге болады. Өйткені интернет желісі арқылы әлемнің кез-келген жерінде болып жатқан жаңалықтан бір мезетте хабардар болу мүмкіндігі бар. Осылайша интернет желісі адамзат өмірімен тығыз байланыс жасап, күнделікті тіршіліктің ажырамас бір бөлігіне айналды. Қазіргі таңда интернет желісіне кіре алмаған адам құдды бір ең далада жалғыз қалғандай күй кешетін дәрежеге жетті. Бұл жайт – қоғамның ақпараттанып, виртуалды қоғамға айналғанының бір көрінісі.

Интернет желісі қоғамды тек ақпараттандырушы ғана емес, виртуалдандырушы үлкен күшке айналды. Интернет желісі пайда болмай тұрғанда оффлайн жасалатын қызметтің басым бөлігі қазіргі кезде онлайн түрде жүзеге асатын болды. Мысалға келтіретін болсақ, білім беру саласы интернет желісі арқылы қашықтықтан беріле бастады. Сауда-саттық та интернет дүкендер арқылы жасалатын болды. Ақша аударымдары интернет желісі пайда болғаннан бастап желі арқылы жасалады. Осы сияқты адамның өмір сүру қажеттіліктерін қанағаттандыратын талаптардың басым бөлігі бүгін виртуалданып кетті.

Веб-сайттар кез-келген діни ұйымның айнасына айналып үлгерді. Ақпараттық қоғамда арнайы веб-сайты болмаған ұйым мекенжайы немесе белгілі бір тұрағы жоқ ұйым іспетті. Өйткені тұтынушылар кез-келген ұйымды жеке веб-сайты арқылы таниды. Дінді насихаттайтын ұйымдарды да дін ұстанушылар немесе сол дінді қабылдағысы келген адам веб-сайты арқылы кеңірек қарастырады. Олай болса, діни ақпаратты веб-сайт арқылы техникалық және діни нормаға сәйкес ұсыну өте маңызды.

**Түйін сөздер:** кибер діндарлық, кибер дін, оффлайн, онлайн, ақпараттық қоғам, виртуалды қоғам, казнет, рунет, синодал, маргинал, діни насихат, уағызшы, уақыт кеңістігі, діни норма.

**Кіріспе.** Адамзат XX ғасырдың екінші жартысынан бастап технологиялық төңкеріс кезеңі бастан кешуде. Бүгінгі біз өмір сүріп отырған XXI ғасыр – инновацияның шарықтау кезеңіне жетіп қалған заман. Жаңа технология көз ілеспес жылдамдықпен қарқынды түрде дамып келеді. Осы факторлардың себебінен өндірістік қоғам виртуалды қоғамға айналып үлгерді. Сол себептен қоғамдағы қатынастардың форматы да виртуалды қоғам талаптарына сай трансформацияға ұшырады. Қоғамдағы діни қатынас та бұл өзгерістен тысқары қалмады. Қоғамның рухани қажеттіліктерін қанағаттандыратын бұл сала да жаңа формаға және жаңа форматқа енді. Демек, дінді насихаттаудың әдіс-тәсілдері де жаңа қоғамға және жаңа қоғамдық санаға сәйкес жүргізіледі. Олай болса ақпараттық виртуалды қоғамда дінді насихаттаудың тиімді тәсілдерінің бірі – интернет ресурстарын қолдану.

Діни ұйымдар интернетті басқа медиа арналарға қарағанда белсенді қолданады. Канададағы діни интернетті зерттеуші, діни әлеуметтанушы Лорн Доусон «Компьютерлік байланыстың интерактивті әлеуеті діни тәжірибені қарапайым эфирлік БАҚ арқылы таратуға қарағанда өзіндік артықшылығын көрсетті» – деп жазады [1].

**Негізгі бөлім.** Зерттеушілер интернетте белгілі бір дін туралы ақпараттың қарапайым қол жетімділігі мен шынайы өмірде жоқ виртуалды діни практиканың қалыптасуын білдіретін «кибер дін» және «кибер діндарлық» терминдерін енгізді. Бірінші жағдайда, «Интернеттің діни саладағы негізгі қызметі – киберкеңістіктен тыс жерде құрылған және анықталған діни қызметке қатысты діни мазмұндағы ақпараттарды тарату» [2]. Екіншісінде кибер шіркеу, кибер синагогалар және тағы басқалар сияқты құбылыстар жайында сөз қозғалады, олар: «Мазмұны жағынан алып қарағанда бұрыннан қалыптасқан діни дәстүрлерге жатады және киберкеңістіктің жаңа интерактивті қолданушыға бағытталған шындықпен тығыз байланысты» [2,50,63]. Дін сайттарының саны мен сапасын қазнеттің басқа тақырыптық секторларын құрайтын ресурстармен салыстыруға болады. Ең алдымен, діни қазнеттің тұтас құбылыс ретінде жоқ екенін атап өткен жөн. Православие, мұсылман, яһуди, протестанттық және басқа діни сайттар қазнеттің жеке тақырыптық бөлімдерін құрайды, олардың әрқайсысы, ең алдымен, діннің ерекшелігіне және оның жетекшілерінің ақпараттық белсенділігін түсінуіне байланысты бірқатар маңызды айырмашылықтары бар. Бұл секторлар бір-бірімен біріктірілмеген және мұндай интеграция болашақта мүмкін деп айтуға негіз жоқ. Діни ұйымдардың интернетте бар болуының себептерін, нысандары мен салдарын, сондай-ақ діни интернет-ресурстар атқаратын функцияларды сипаттау қажет. Интернет – діни ұйымдарға арналған ең органикалық медиа арна: ірі діни ұйымдар ішінде ауызша түрдегі хабарлар ірі жылдамдықпен, адамның екінші адаммен байланыс мүмкіндігі бар болған жағдайда тез таралады. Осы тұрғыдан алып қарағанда интернет діни ұйым ретінде мешітке, шіркеуге толық сәйкес келеді, өйткені ол ауызша сөйлесудің құрылымын қайталайды. Діни ұйымдар үшін желі толығымен органикалық, өйткені ол Мұхаммед пайғамбардың кезінде және апостол Павелдың кезінде болған ақпаратты жеткізу құрылымы мен байланыс құрылымын жаңғыртады. Бұл Мануэль Кастельстің «Интернет тікелей бақыланды және «бірден бірге», «біреуден көпке» салыстырмалы түрде арзан байланыс арнасымен қамтамасыз етеді» [3, 186] деген пікіріне сәйкес келеді. «Бұл байланыс арнасы діни бірлестіктер мен жекелеген діндарлар пайдаланатын дискурстарға анағұрлым сәйкес келеді, ал басқа БАҚ түрлерін қолданған кезде діни ұйымдар белгілі бір мөлшерде олардың тіліне «өздерін аударып», мағыналарын жоғалтуға мәжбүр. Бұл тезис діншілдік, конфессияаралық, дінаралық және қоғамдық-діни коммуникацияларға да қатысты. Сонымен қатар интернет басқа да бұқаралық ақпарат құралдарымен салыстырғанда идеологиялық, қаржылық негіздермен, сондай-ақ кәсіби форматтармен аз шектелген. Осы тұрғыда діни ұйымдардың қажеттілігі үшін анағұрлым қолайлы болып саналады.

Діни ұйымдар әртүрлі коммуникациялық арналарды тек миссионерлік мақсаттар үшін ғана емес, сонымен бірге діни бірлестік құрылымының тұтастығын сақтау мен дамытуды және ақпарат алмасудың тиісті қарқындылығын қамтамасыз ету факторларының бірі ретінде ішкі қажеттіліктері үшін де қолданады. Тіпті онлайн форумдар мен конференцияларды өткізуге де мүмкіндік береді.

Интернеттің осы саладағы артықшылықтары насихаттаудың инновациялық тәсілдерін іздеген діни ұйымдарға қажет болды. Солардың бірі – Орыс Православие Шіркеуі, 2000 жылы Юбелейный архиерей соборында сөйлеген сөзінде Патриарх Алексей: «Біздің шіркеуде қазіргі заманауи байланыс құралдарын пайдалана отырып, ақпарат алмасу үшін шіркеуде бірыңғай жүйені құру туралы ойланатын кез келді. Бұл қазіргі басқарушы архиерейлердің қазіргі заманғы техникалық байланыс құралдарын пайдалану қажеттілігін дұрыстап қарауды қажет етеді. Компьютер сатып алып, интернетке қосып және шіркеудің сыртқы қатынастары бөлімінің байланыс қызметіне, басқа синодалдық мекемелер және кейбір епархия әкімшілігі тарататын ресми хаттарды алу өте қиын ба? Маңызы бар үлкен қалаларда және аймақтарда шіркеу бұқаралық ақпарат құралдарының электронды нысандары – радиохабар, телевидение, интернетті белсенді түрде игеруде. Синодалдық мекемелер, епархиялар, жеке шіркеулер мен ғибадатханалар, оқу орындары құрған ондаған православие веб-парақшалары бар» [4] деп атап өткен еді. Сарапшылар да дәл осындай пікірді ұстанады. Мысалы, 2001 жылғы 16 наурызда Нижний Новгородта өткен «Дін және БАҚ» семинарында «Соборность» [5] атты бірінші православие интернет-журналының бас редакторы С.Чапнин баяндамасында былай деген: «Дәстүрлі дін конфессияларының интернетке шығуының маңызды себебі – бірыңғай ақпараттық кеңістік құру. Мұнда дін ілімі, діни білім және тәрбие, миссионерлік қызмет және тағы басқа саладағы ақпарат алмасу мәселелері басты орынға шығады.

Соңғы жылдарда интернет қоғамдық шіркеу өміріндегі басты біріктіруші фактор болды деп айту артық болмас» [6].

Орыс православие шіркеуі үшін Интернеттің негізгі функцияларының бірі – электрондық құжат айналымы жүйесі, бұл синодалдық құрылымдар мен әкімшілік бөлімдерге өз қызметтерін тиімді үйлестіруге мүмкіндік береді. Бұл міндетті Патриарх Алексей де айтты: «Біздің шіркеудің барлық епархиялары заманауи байланыс технологияларын пайдалана отырып, өздерін біріктіретін ақпараттық-компьютерлік желі құру үшін ортақ күш жұмсайтын уақытты болжап білу қиын емес. Бұл біз үшін отанымыздың, қоғамның және адамның игілігі үшін атқаратын қызметімізді жүзеге асырудың мүмкіндіктерін ашады. Мұндай ақпараттық желінің құрылуы кейде географиялық және климаттық себептерге байланысты туындап қалатын қиындықтардың алдын алуға, Мәскеу Патриархаты мен епархиялар арасында, сонымен қатар епархия архиереялары және приход қауымдастықтары арасындағы өзара байланыстарды нығайтуға, жедел ақпарат алмасуға септігін тигізер еді. Сондай-ақ, жаңа ақпараттық технологиялар кейбір приходтардың оқшаулануын жеңуге және шіркеу құрылымының тұтастығын нығайтуға көмектеседі» [7].

Шіркеудің сыртқы байланыстары бөлімі төрағасының орынбасары Протоиерей Всеволод Чаплин де интернеттің ресми құжаттарды таратудағы және шіркеу құрылымдарын басқарудағы маңыздылығы туралы: «Егер бұрындары қасиетті иерархияның шешімін епархияға немесе приходқа жеткізу өте қиын болып, кейде бұл бірнеше апталар мен айларға созылса, ал кейде телеграфты қолдануға тура келген болса, бүгінде ол тез орындалады: шешім қабылданғаннан кейін, бірнеше секундтан соң ол мүдделі адамдарға жететін болады. Шіркеу органының қасиетті иерархияның шешімдері туралы хабардар болуы сапалық тұрғыдан өзгерді, қауесет, өсек, рұқсат етілмеген пікірдің айтылуы күрт төмендеді. Шіркеудің ресми ақпаратын тарату жылдамдығы артты. Бұл, әрине, шіркеудің біртұтастығын нығайтты, иерархия шешімдерін жеткізудің жылдамдығын арттырды» [8]. Егер православиенің ғаламторды игеруде беретін басымдықтарының бірі – шіркеу мен қоғамдық өмірді шоғырландыру және шіркеу мүшелерінің ондағы болып жатқан жағдайлар туралы хабардар болу деңгейін көтеру болса, онда исламдық сайттар негізінен миссионерлік болып, алға қойған мақсаты ислами ілімдердің әртүрлі нұсқаларын тарату. Сонымен қатар, ислам казнеті мен православиенің айтарлықтай айырмашылығы – ислам казнеті даму жағдайын православтардан әлдеқайда кешірек бастап, прототипі ретінде батыстық мұсылмандық ресурстарды қолданса, ал Ресей – православиелік рунет дамуында көшбасшы. Ислами сайттардың, әсіресе, дәстүрлі исламға қатысы жоқ, «импортталған» ислам материалдары, әдетте, дереккөздері көрсетілмейтін шетелдік сайттардың аудармалары болып келеді. Сол себептен дінге қатысты мәліметтерді ҚМДБ атынан тіркелген ресми веб-сайттардан алған дұрыс. Шындығында, интернет – діни өмір туралы жаңалықтар пайда болатын және таралатын негізгі ақпараттық арна. Сонымен қатар, бүгінде интернеттің діни сегменті дін туралы жазатын зайырлы журналистер үшін басты сарапшы ресурсқа, дінге қатысты тақырыптағы басылымдарға арналған анықтамалық ақпарат көзіне айналды. Әлеуметтік және саяси маңызды тұжырымдамаларды жасауда қолданылатын сараптамалық ортаны қалыптастыру үшін құрылған әлеуметтік-саяси сайттар сияқты, діни ғаламтор дінге қатысты тақырыптар бойынша сараптама жасайтын бірден-бір алаңға айналды. Бір ерекшелігі, діни сегментте, бұл көп жағдайда, кез-келген күштердің діни сайттардағы аналитикалық талқылау материалдарын одан әрі қолдануына назар аудартпай, стихиялық түрде пайда болды.

Ислам дінінің белсенді ғалымдарының бірі және «Дүниежүзілік мұсылман ғалымдары қауымдастығының» төрағасы Юсуф Әл-Қарадауи интернетті ислам дінінің мүддесі үшін қолданудың қажеттілігі туралы мәлімдеп, интернетті қолдануға шақырды [9]. Қағба имамдарының бірі Абдуррахман Әс-Судейс: «Егер сахабалар ислам дінін тарату үшін сапарға шықпағанда, ислам осы деңгейде дамымаған болар еді. Қазіргі заманда мұсылмандар ислам дінін тарату үшін интернет пен электронды бұқаралық ақпарат құралдарын қолдануы керек» – деген [10]. Қай дін немесе жамағат, секта өкілдерін алып қарайтын болсақ, қазіргі кезде барлығы интернет желісін пайдаланады. Егер қандай да діни ұйымның немесе жамағаттың өзіндік ресми веб-сайты болмаса, онда ол кеңсесі жоқ ұйым сияқты. Өйткені олардың келбетін көрсететін айнасы веб-сайт болып саналады. Сондықтан кез-келген ұйым алдымен өздерінің веб-сайтын жасап, безендіріп, интернет



кеңістігінде белсенділігін арттырады. Ілгері заманда дінді насихаттау үшін аландарға шығып, халықпен араласып, диалог құруды қажет етсе, қазіргі таңда оның орны – интернет кеңістігі.

Протоиерей В. Чаплин атап өткендей, «Интернет – православие зияткерлік кеңістігі үшін табылған зат, өйткені интернет кедейлерге арналған БАҚ болып саналады. Дәл осы себептен ғаламтордағы православие туралы ойлар, православие ақпараты, ғаламтордағы православие байланысының үлесі теледидар мен газеттерге қарағанда анағұрлым жоғары. Бізде апта сайын діни-әлеуметтік тақырыптар бойынша бірнеше ондаған салмақты мәтіндер жарыққа шығады, олардың көпшілігі, бәлкім, 10/9-ы ғаламторда жарияланады» [8, 24]. Сонымен бірге, «Сова» ақпараттық-талдау орталығының директоры Александр Верховскийдің: «Ғаламтор діни ұйымдар мен діни сарапшылар үшін қазіргі қоғамдық-саяси пікірталастар кеңістігіндегі діни тақырыптың маргиналдылығына байланысты ғана қолайлы дегенде пікірі бар. Верховскийдің пайымдауынша, ғаламторда қоғамдық кеңістік жиегіне ығыстырылған тақырыптар ғана бар: «Бұл жерде мәселе үлкен саясат үшін маңызды болуы мүмкін баспасөз бостандығына қысым жасауда емес, алайда бұл мәселелерде маңызды болмаған, көпшілікті онша қызықтырмайтын мәселе болып табылуында. Кез-келген зайырлы баспа басылымындағы бұл қызықсыз мәселе, редакторға саңылауды бітеуге қажет болғанға дейін бір бұрышта өз кезегін күтпек немесе діни өмір туралы мақаласының жарыққа шыққанын қалайтын журналист ұзақ уақыт күреседі. Ал мұнда – қалағаныңды істе және бұл ыңғайлы. Мұндай салыстырмалы маргиналды қауымдастықтардың барлығы интернеттің қозғалтқыштары болып саналады. Қазір, мысалы, оппозициялық публицистика біртіндеп интернетке кетіп жатыр. Оның мәні, қысымға ұшырағаны емес, авторлардың саны аз болғандықтан, шеңбер тарылып, мәтіндерді интернетке орналастыру оңайырақ болды. Діни интернеттегі бұқаралық ақпарат құралдарының дамуына сенген энтузиастардың бұған дейін істегендері ережеден тыс болатын. Осы интернет-эйфория орын алған уақытта діни ұйымдар ақпараттық емес, өкілді сайттарды аша бастады. Ал қазір олар барлық жерде бар. Бұл тек прогресс қана емес, сонымен бірге осы бағытта маманданған діни ұйымдар мен зайырлы сарапшы топтардың бұл өмірдегі орнын парасатты тұрғыда мойындау. Иә, біз мэйнстримге қатысы жоқ нәрсемен айналысудамыз. Десекуляризация туралы қалағанша сөз етуге болады: иә, бұл тақырып маңызды бола бастады, бірақ біздің орнымыз дәл осында, үлкен баспасөзде емес, тіпті теледидарда да емес. Интернетте ол ақпараттық жобалардың иерархиясына ие болып, дамып келеді, міне, толыққанды өмір осында. Жоғары басымдылық платформасына интервенция жасау әрекеті іске аспады» [11].

Бұл көзқарасқа сәл басқа қырдан қарауға болады. Интернет – «үлкен БАҚ-та» әрекет ететін идеологиялық және формалды кедергілермен шектелмеген еркін орта, сонымен қатар мұнда басқа да коммерциялық схемалар жұмыс істейді. Сондықтан қазіргі заманғы медиа ағымында (баспа, радио және теледидар) жасанды түрде тарылған тақырыптар ауқымы мұнда анағұрлым кең көрінеді. Әлеуметтанушылар интернеттің «таргеттелгені» туралы айтқанда, тар мақсатты сайттардың қажетті санын құру мүмкіндігі туралы да сөз қозғалады, олар өз кезегінде одан да тар бағыттағы тақырыптарға бөлінеді. Осылайша, кейбір сайттардың нысаналы аудиториясы берілген тар тақырыпқа қызығатын 10-15 адамға дейін тарылуы мүмкін. Алайда, сайттың «негізгі аудиториясын» баспа таралымымен салыстыруға және тар тақырыпты сайтты маргиналды деп жариялаудың қажеті жоқ. Портализация үрдісіне сәйкес тар тақырыпты сайттар, әдетте, тақырып бойынша кеңірек порталдың бөлігі болып саналады, олар өз кезегінде одан да үлкен тақырыптық әмбебаптыққа ие порталдар желісіне біріктірілуі мүмкін. «Дербестендірілген контент» идеясын жүзеге асырудың бір түрі осындай. Мазмұнды әртараптандыруға және тақырыптар мен сілтемелердің қажетті санын иерархиялық түрде құруға мүмкіндік беретін бұл жүйе діни ұйымдардың қазіргі заманғы БАҚ кеңістігін игеруіндегі негізгі кедергілерінің бірін жеңуге көмектеседі, атап айтқанда, діни тақырыптар қазіргі журналистиканың қазіргі форматтары үшін «ұзақ»: кез-келген діни өмірге байланысты оқиғаны жарыққа шығарғанда журналистер тарихи және діни шегініс жасауы керек. Гиперсілтемелер жүйесі, сонымен бірге материалдарды «дамудағы сюжет» қағидаты бойынша ұйымдастыру мүмкіндігі бұл жағдайды шешуге көмектеседі.

Қазақстанның діни өміріндегі интернеттің маңызды рөлі – қазіргі уақытта ресми деңгейдегі емес, діни ұйымдардың қарапайым мүшелері мен белсенділер деңгейіндегі дінаралық сұхбаттың жалғыз алаңы. Шынайы өмірде әртүрлі діндер мен конфессиялардың өкілдері ауқымды көлемдегі мәселелерді талқылауда сирек кездеседі. Ал интернетте олар бір кеңістікке енеді. Ең алдымен,

интерактивті форумдар мен интернет-БАҚ сайттарындағы материалдарды талқылау туралы сөз қозғалуда. Бұл диалог әрдайым дұрыс бола бермейді, өйткені адамдар көбіне лақап аттармен жасырынады, бірақ дегенмен бұл пікір алмасу. Орыс Православие Шіркеуінің Синодтық Діни Комиссиясының кеңесшісі, Ресей Федерациясының Президенті жанындағы Ресей Мемлекеттік қызметі академиясының оқытушысы Александр Кырлежевтің айтуынша, «Диалогқа қосылу мүмкіндігі бар форумдар мегаполисте және жалпы үлкен кеңістікте агора қағидасының жандануы, атап айтқанда, ешқандай мәртебесі жоқ, тек өзгені тыңдап, ойындағысын білдіргісі келген адамдардың еркін пікір алмасуын білдіреді. Бұның не нәрсеге әкелетіні маңызды. Бір жағынан пайдалы, өйткені ол адамның өзі жауап беруі тиіс жағымсыз пікір, сұрақтар фактісімен бетпе-бет келтіреді. Міне, діни байланыстың ақпарат алу, пікір алмасу, қажет нәрсені іздеу, ғаламтор арқылы діни және басқа әлемде қарама-қарсы көзқарастармен кездесу мүмкіндігі бар» [11, 51]. А. Верховский Кырлежевпен ішінара келіседі: «Ресми корпоративті сайттар арқылы тарататын діни бірлестіктің біртұтас дауысын тек оның басқармасы ғана білдіре алады және онда ешкім ешкіммен таласып жатқан жоқ. Меніңше, пікірлерді диалог деп атауға келмейді, өйткені ол тең дәрежеде емес» [11, 52].

Мұнда ең маңызды мәселеге – интернет-қауымдастықтардағы діни және мәдени сәйкестілік мәселесіне тоқталамыз. Интернет діншілдік көрінісін өзгертуге септігін тигізеді. Өртүрлі интернет-қауымдастықтарға қатысу мүмкіндігінің арқасында дінге сенуші адам «екінші діни сәйкестілікке» ие болады, яғни бір қоғамдастықтың мүшесі болуымен қатар, ол бүкіл әлем бойынша таралған, тұлғааралық байланыстар орнайтын, теоретикалық және қоғамдық-діни мәселелер бойынша пікірталас жүргізілетін мүдделер қауымдастығының мүшесі болады. Көбінесе бұл виртуалды өмір түрленіп, бір қауымдастыққа қарағанда жеке адамның рухани және зияткерлік қажеттіліктеріне сәйкес келеді. Православие мен католицизм жағдайында виртуалды қауымдастық адамның шіркеу қызметтері мен рәсімдерге қатысуын алмастыра алмайды, сондықтан ол «қосарланған» діни өмір салтын сүруге мәжбүр, басқа діндер бірлескен рәсімдерді өткізуге еркіндік береді, сондықтан, мысалы, мұсылман қауымдастығының немесе неопротестант және шығыс культінің мүшесі атану үшін компьютерден бас алу және діндестермен шынайы өмірде кездесу міндет емес. Осы фактіні растау үшін «Ислам.ру» тәуелсіз ислам ақпараттық каналының бас редакторы Ринат Мухамедовтың сөздерін келтіруге болады: «Адамдар өз ұстанымдары мен шынайы сенімдерінің арқасында мұсылман болады. Сайтта олар өздерінің шешімдері туралы әлемге хабарлау үшін өздері жайында ақпарат қалдыра алады. Сонымен қатар, мұнда тек діни аспект те бар: шарият бойынша исламды қабылдау кезінде екі мұсылманның болғаны жөн. Кейбіреулер үшін, мысалы, қазіргі жағдайда мұсылман болғысы келетін адам ислам дінін ұстанбайтын жерде өмір сүрсе немесе қандай да бір себептермен олармен кездесуге дайын болмаса қиын» [12]. «Islam.ru» сайтында «Мен исламды қабылдаймын» батырмасы бар, оны басу, сайт авторларының пікірі бойынша, «Алладан басқа Құдай жоқ, Мұхаммед Оның елшісі» деген формуланы көпшілік алдында айтумен бірдей.

**Қорытынды.** Қорытындылай келсек, интернет желісінің өзіндік ерекшеліктері діни тұрғыда күн санап артып келеді. Интернет өз алдына виртуалды ақпараттық қоғамды қалыптастырып, діни аспектілерді де қамтып үлгерді. Қоғамдық сипат алған бұл құбылысқа икемделе отырып, қоғамдағы діни қатынастарды реттейтін сегмент қалыптастырудың Қазақстан қоғамы үшін маңызы өте зор. Бұл мәселеге негіз болып отырған фактор – қазіргі заман талабы. Виртуалды ақпараттық қоғам форматына сай икемделе отырып, интернет ресурстарын қолдану арқылы дінді насихаттау – ақпараттық қоғамның қажеттілігі. Осы қажеттіліктің орнын толтыра алмаған кез-келген дін ерушілерінен көз жазып, сол дінді ұстанатындардың қатары сирей береді. Кез-келген дін сол дінді ұстанатындардың және жақтайтындардың саны мен сапасына қарай қуатты болады. Интернеттің осындай тиімділігін сезінген кез-келген дін оны пайдаланудан шектелмеді.

**Е. Б. Нусипбаев, Б. М. Манабаев, М. Исахан**

Египетский университет исламской культуры Нур-Мубарак, Алматы, Казахстан

## **ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ИНТЕРНЕТ-РЕСУРСОВ РЕЛИГИОЗНЫМИ ОРГАНИЗАЦИЯМИ**

**Аннотация.** В данной статье рассматривается эффективность использования интернет-ресурсов для пропаганды религий. Сегодня широко распространено применение интернет-ресурсов, в том числе веб-сайтов для религиозной пропаганды. Автор описывает роль и функции веб-сайтов в регулировании религиозных отношений в виртуальном информационном обществе.

В эпоху глобализации весь мир превратился в маленькую деревню. Можно с уверенностью сказать, что причиной изменения мира и превращения его в информационное общество стали интернет-ресурсы. Посредством сети Интернет можно за считанные секунды узнать, что происходит в любой точке мира. Таким образом, Интернет стал неотъемлемой частью повседневной жизни человека. Сегодня люди, лишенные доступа к Интернету, чувствуют себя отшельниками в пустыне. Это доказывает тот факт, что общество стало информационным и виртуальным.

Интернет стал реальной силой, не только информирующей, но и виртуализирующей общество. Большинство офлайн-сервисов, которые были до появления Интернета, теперь стали доступны онлайн. Например, образование стало доступно дистанционно через Интернет. Покупки также совершаются через интернет-магазины. Денежные переводы осуществляются онлайн с момента появления Интернета. Таким образом, подавляющее большинство услуг, которые необходимы для удовлетворения человеческих потребностей, стали цифровизованы и виртуализированы.

Одна из неотъемлемых ценностей человеческой природы это – вера. Из семи миллиардов человек, обитающих на Земле, более 84% исповедуют ту или иную религию. Согласно статистике 2019 года, 57% населения мира, или более четырех миллиардов человек пользуются Интернетом. В эпоху, когда все области, тесно связанные с человеческой жизнью, виртуализированы, религиозные отношения не остались в стороне от этих изменений. Интернет доказал свою эффективность в распространении религии. Проповедническая работа ведется исключительно через Интернет, через веб-сайты. Причиной тому является эффективность в плане экономии времени и материальных средств. Так, например, если вы хотите послушать какого-то проповедника, вам не обязательно с ним лично встречаться, достаточно договориться и одновременно подключиться к Интернету. Более того, вы можете зарегистрироваться, прослушать и просмотреть проповеди нужного проповедника на специальном веб-сайте. Наряду с развитием Интернета, необходимость поездки в определенную страну или место для получения религиозного образования значительно снизилась. Появилась возможность получить образование в религиозном университете через дистанционное обучение благодаря Интернету. Интернет снял многие барьеры и границы во временном и географическом пространстве, поднял человеческую жизнь на новый уровень и открыл много возможностей.

Сайты успели превратиться в зеркало любой религиозной организации. Организация, не имеющая собственного веб-сайта в информационном обществе, похожа на организацию без адреса или определенного местоположения. Нынешние потребители во многом узнают любую организацию через их личный сайт. Религиозные организации, приверженец любой религии или человек, который хочет принять новую веру может с легкостью ознакомиться с информацией через веб-сайты. Исходя из всего вышесказанного, очень важно предоставлять религиозную информацию через веб-сайт в соответствии с техническими и религиозными нормами.

**Ключевые слова:** кибер-религиозность, кибер-религия, офлайн, онлайн, информационное общество, виртуальное общество, казнет, рунет, синодальный, маргинальный, религиозная пропаганда, проповедник, временное пространство, религиозная норма.

**Y. B. Nussipbayev, B. M. Manabayev, M. Isakhan**

Egyptian University of Islamic Culture Nur-Mubarak, Almaty, Kazakhstan

## **USE OF INTERNET RESOURCES BY RELIGIOUS ORGANIZATIONS**

**Abstract.** In the era of globalization, the whole world has turned into a small village. It is safe to say that the reason for the change in the world and its transformation into an information society was Internet resources. Through the Internet, you can find out in seconds what is happening anywhere in the world. Thus, the Internet has become an integral part of a person's daily life. Today, people denied access to the Internet feel like hermits in the desert. This proves the fact that society has become informational and virtual.

The Internet has become a real force, not only informing but also virtualizing society. Most of the offline services that were before the advent of the Internet are now available online. For example, education has become available remotely via the Internet. Purchases are also made through online stores. Money transfers have been made online since the advent of the Internet. Thus, the vast majority of services that are demanded to meet human needs have become virtualized.

One of the inherent values of human nature is faith. More than 84% of the seven billion people living on Earth are of one religion or another. According to statistics for 2019, 57% of the world's population, or more than four billion people, use the Internet. In an era when all areas closely related to human life are virtualized, religious relations did not remain distant from these changes. The Internet has proven to be effective in spreading religion. The preaching work is done exclusively over the Internet, through websites. The reason for this is efficiency in terms of saving time and money. So, for example, if you want to listen to a preacher, you do not have to meet with him tet-a-tet, you just need to make an agreement and simultaneously connect to the Internet. Besides, you can register, listen to, and view the sermons of the desired preacher on their website. The necessity of traveling to a specific country or place for religious education has decreased with Internet development. The possibility of acquiring knowledge and getting an education at a religious university through distance learning are available nowadays. The Internet has removed many barriers and boundaries in time and space, raised human life to a new level, and opened up many opportunities.

The sites have become a mirror of any religious organization. An organization that does not have its own website in the information society is like an organization without an address or specific location. Today's consumers will mostly recognize any organization through their personal website. Religious organizations, adherents of any religion, or a person who wants to embrace a new faith can easily access the information through the website. For all of the above, it is crucial to provide religious information through the website under technical and theological norms.

**Key words:** cyber-religiosity, cyber-religion, offline, online, information society, virtual society, kaznet, runet, synodal, marginal, religious propaganda, preacher, time-space, the theological norms.

#### Information about authors:

Nussipbayev Yerkebulan, PhD Doctoral Student, Egyptian University of Islamic Culture Nur-Mubarak, Almaty, Kazakhstan; er\_kz@inbox.ru; <https://orcid.org/0000-0003-4330-6731>

Manabayev Bagdat, PhD Doctor, senior lecturer, Department of two languages, Egyptian University of Islamic Culture Nur-Mubarak, Almaty, Kazakhstan; axmad\_80@mail.ru; <https://orcid.org/0000-0003-3122-8609>

Mukhan Isakhan, PhD Doctor, senior lecturer, Egyptian University of Islamic Culture Nur-Mubarak, Almaty, Kazakhstan; alash\_ordabasy@mail.ru; <https://orcid.org/0000-0003-4238-288X>

#### ӘДЕБИЕТ

[1] Dawson Lome L. The mediation of religious experience in cyberspace. Religion and cyberspace. New York, 2005. P. 15-37.

[2] Hojsgaard Morten T. Cyber-religion: on the cutting edge between the virtual and the real // Religion and cyberspace. New York, 2005. P. 50-63.

[3] Кастельс М. Галактика Интернет: Размышления об Интернете, бизнесе и обществе. Перевод с англ. Екатеринбург: У-Фактория, 2004. 328 с.

[4] Алексей II, патриарх Московский и всея Руси. Русская Церковь на рубеже веков. Юбилейный Архиерейский Собор Русской Православной Церкви. М., 2000 г. <http://www.patriarchia.ru/db/text/421863.html>

[5] <http://www.sobor.ru>, ныне архив расположен на <http://www.sobornost.ru>

[6] Чапинин С.В. Доклад на семинаре «Религия и СМИ». Н. Новгород, 2001. 16-март.

[7] Алексей II, патриарх Московский и всея Руси. Приветственное послание коллективу сотрудников официального сайта Русской Православной Церкви в Интернете, всем создателям и пользователям православных ресурсов в глобальной компьютерной сети. М., 2002. 18-февраль, <http://www.russian-orthodox-church.org.ru/nr202191.htm>

[8] Mete Çamdereli, Betül Onay Dogan. «Dijitalleşen din». 49 p. İstanbul 2015.

[9] The Indian Express, 2011 жылдың 31 наурыз.

[10] Чаплин В., протоиерей. Единственный способ обеспечить церковный авторитет в сети-качество работы тех, кто делает церковные интернет-ресурсы. Справочник-путеводитель «Православный Интернет». М., 2004. С. 24.

[11] Валерьевна Л.К. «Интернет и религиозные коммуникаций в России». www.mediascope. Выпуск № 1. 2008 г.

[12] Свешникова М. Ринат Мухамедов: «Никто не принимает ислам путем нажатия кнопки на сайте. Мусульманский интернет-ресурс отмечает пятилетний юбилей». Страна.ру [www.strana.ru](http://www.strana.ru) от 06.09.2005.

**REFERENCES**

- [1] Dawson Lome L. The mediation of religious experience in cyberspace. Religion and cyberspace. New York, 2005. P. 15-37.
- [2] Hojsgaard Morten T. Cyber-religion: on the cutting edge between the virtual and the real // Religion and cyberspace. New York, 2005. P. 50-63.
- [3] Castells M. The Internet Galaxy: Reflections on the Internet, Business and Society. Translation from English. Yekaterinburg: U-Factoria, 2004. 328 p.
- [4] Alexy II, Patriarch of Moscow and all Rus'. Russian Church at the turn of the century. Jubilee Council of Bishops of the Russian Orthodox Church. M., 2000 <http://www.patriarchia.ru/db/text/421863.html>
- [5] <http://www.sobor.ru>, now the archive is located at <http://www.sobornost.ru>
- [6] Chapinin S.V. Report at the seminar "Religion and Mass Media". N. Novgorod, March 16, 2001.
- [7] Alexy II, Patriarch of Moscow and all Rus'. Greetings to the staff of the official website of the Russian Orthodox Church on the Internet, to all creators and users of Orthodox resources in the global computer network. M., February 18, 2002. <http://www.russian-orthodox-church.org.ru/nr202191.htm>
- [8] Mete Çamdereli, Betül Onay Dogan. «Dijitalleşen din». 49 p. İstanbul 2015.
- [9] The Indian Express, March 31, 2011.
- [10] Chaplin V., archpriest. The only way to ensure church authority in the network is the quality of the work of those who make church internet resources. Reference guide "Orthodox Internet". M., 2004. 24 p.
- [11] Valerievna L.K. "Internet and Religious Communications in Russia". www.mediascope. Edition 1. 2008.
- [12] Sveshnikova M., Rinat Mukhamedov: "Nobody converts to Islam by pressing a button on a website. The Muslim internet resource celebrates its 5th anniversary". strana.ru [www.strana.ru](http://www.strana.ru) from 06.09.2005.

---

---

**Publication Ethics and Publication Malpractice  
in the journals of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan**

For information on Ethics in publishing and Ethical guidelines for journal publication see <http://www.elsevier.com/publishingethics> and <http://www.elsevier.com/journal-authors/ethics>.

Submission of an article to the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan implies that the described work has not been published previously (except in the form of an abstract or as part of a published lecture or academic thesis or as an electronic preprint, see <http://www.elsevier.com/postingpolicy>), that it is not under consideration for publication elsewhere, that its publication is approved by all authors and tacitly or explicitly by the responsible authorities where the work was carried out, and that, if accepted, it will not be published elsewhere in the same form, in English or in any other language, including electronically without the written consent of the copyright-holder. In particular, translations into English of papers already published in another language are not accepted.

No other forms of scientific misconduct are allowed, such as plagiarism, falsification, fraudulent data, incorrect interpretation of other works, incorrect citations, etc. The National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan follows the Code of Conduct of the Committee on Publication Ethics (COPE), and follows the COPE Flowcharts for Resolving Cases of Suspected Misconduct ([http://publicationethics.org/files/u2/New\\_Code.pdf](http://publicationethics.org/files/u2/New_Code.pdf)). To verify originality, your article may be checked by the Cross Check originality detection service <http://www.elsevier.com/editors/plagdetect>.

The authors are obliged to participate in peer review process and be ready to provide corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. All authors of a paper should have significantly contributed to the research.

The reviewers should provide objective judgments and should point out relevant published works which are not yet cited. Reviewed articles should be treated confidentially. The reviewers will be chosen in such a way that there is no conflict of interests with respect to the research, the authors and/or the research funders.

The editors have complete responsibility and authority to reject or accept a paper, and they will only accept a paper when reasonably certain. They will preserve anonymity of reviewers and promote publication of corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. The acceptance of a paper automatically implies the copyright transfer to the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan.

The Editorial Board of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan will monitor and safeguard publishing ethics.

Правила оформления статьи для публикации в журнале смотреть на сайте:

[www.nauka-nanrk.kz](http://www.nauka-nanrk.kz)

ISSN 2518-1467 (Online), ISSN 1991-3494 (Print)

<http://www.bulletin-science.kz/index.php/en/>

Редакторы *М. С. Ахметова, Д. С. Аленов, А. Ахметова*  
Верстка на компьютере *Д. А. Абдрахимовой*

Подписано в печать 10.12.2020.  
Формат 60x881/8. Бумага офсетная. Печать – ризограф.  
23,6 п.л. Тираж 500. Заказ 6.